

СІЗ КОНАККА ЖИІ БАРАСЫЗ БА , КОНАКТЫ ЖИІ ШАКЫРАСЫЗ БА?

«Тагдырластар» клубының қазан айындағы кездесуі

Бүгін Шымкет қалалық арнайы кітапханада «Сіз қонаққа жиі барасыз ба, қонақты жиі шақырасыз ба?» атты тақырыпта «Тагдырластар» клубының кезекті басқосуы болып өтті. Кеш барысында аталған тақырыпқа сай сұрақ жауаптар мен пікір алмасу, сондай-ақ түрлі ойындар ұйымдастырылды. Қоржын қалта айдарында сұрақтар қойылып, қатысушылар белсенділікпен жауап беріп сый-сияпатпен марапатталды.

Айтулы кешке Солтүстік Қазақстан облысы, Павлодар қаласынан Алдабергенова Айман, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласынан Изкулова Шынар арнайы келіп қатысып, қонақ болды. Кеште Талиев Алладин, Каттабекова Гүлсара, Зебо Дадаева, Оралбек Махамбетұлы әуезді ән шырқап, көпшілікке керемет сезім сыйлады. Алыстан арнайы келген қонақтар өз ықылас лебіздерімен бөлісіп, ризашылықтарын білдірді.

Кешті тізгіндеген Ербек Бакиев кітаптар әлеміне ой жүгіртіп, оқырмандардың пайым-парасатын жан-жақты қамтып отбасылық бағытта, қонақ күту мен қонаққа бару хақында әртүрлі ой толғады. Кешке қатысқан жандар өз әсерлерін ортаға салып, естелік суретке түсіп, ортақ таныстық орнатып, көңілді тарасты. Арнайы кітапхана тәрізді әрдайым қонақжай әрі оқырманға қызмет етуге дайын.



«Тагдырластар» 10.2023

Авторлар: спецбб

19.01.2024 10:33 - Жанартылган 19.01.2024 10:40

